


Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)


Тақырыбы: Үй құстары: Қаз

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:	
	<ul style="list-style-type: none">• үй құстарының аттарын естеріне <i>түсіреді</i>;• үш тілде қайталайды қанша буын, әріп, дыбыс бар, барлығы қанша әріп барын <i>біледі</i>;• құстың дене бөліктерінің қандай түстермен белгілендігін <i>анықтайды</i>;• неше аяқ, неше көз бар екендігін, неге екінші көз көрінбей тұрғандығын көз алдына <i>елестетеді</i>;• суреттегі қазды бояу үшін қай қарындаш жетпейді, қайсысы артық екендігі <i>нақтылайды</i>;• қазды бояу үшін қай түстен бастау қажеттігін анықтап, тапсырманы орындайды, <i>салыстырады</i>.
Пәнаралық байланыс:	
	танымдық (<i>жаратылыстану, математика</i>) шығармашылық (<i>бейнелеу</i>) коммуникациялық (<i>сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер</i>) әлеумет (<i>қоршаған ортамен таныстыру</i>)
Білім алушы игеретін білік-дағды:	
	<ul style="list-style-type: none">- жеміс-жидек ерекшелігін есіне түсіреді;- үш тілде айта алады, буынға бөледі, қанша буын, әріп, дыбыс бар екенін біледі;- түсті ажыратады, қандай түс керектігін таңдай алады;- екі суреттегі айырмашылық пен ұқсастықты таба алады;- ұқсас түспен суретті бояй алады, салыстырады;- қалай орындалғандығын, өзін және басқаны бағалай алады.
ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ¹:	
	<ol style="list-style-type: none">1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)
1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)	
	

¹ Ескерту: ҰОҚ ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

Топқа сұрақ:

Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс)
Суретте не бейнеленген? Үй құстары...



Топпен суреттегі үй құсы - қаздар туралы әңгімелейді...
(коммуникациялық дағды қалыптасады)

ҮЙ ҚҰСТАР – ҚАЗ
(кітапшамен жұмыс)

1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған үй құстар атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз (танымдық дағды)

3. Құстың дене бөліктерін атаймыз:

Басы, денесі _____

Тұмсығы _____

Көзі _____

Аяқтары _____


Көзі нешеу _____ (неге көрінбей тұр)

Аяқтары _____ (аяғы неге ұқсайды)


Қандай түспен боялғанын анықтаймыз.

4. Суреттегі бояу үшін қандай қарындаш жетпейді _____ қандай түсті қарындаш артық _____.


Өздік жұмыс



5. Суретті бояуды қай түспен бастап бояймыз? ✓ бірдей
✗ бірдей емес
= ұқсас



6. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.